

Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жасау үшін пайдалану ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 652 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 6 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3250

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жасау үшін пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің төрағасы Е.Н. Нысанбаевқа және Балық шаруашылығы комитетінің төрағасы Ю.Т. Ромашовқа жүктелсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.03.26 № 200 Бұйрығымен.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

Министр

К е л і с і л д і :

Қазақстан Республикасының
Білім және Ғылым министрі

9 қараша 2004 жыл

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман және аңшылық комитетінің
2004 жылғы 10 қарашадағы
N 652 бұйрығымен бекітілген

Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға, оның ішінде

зоологиялық коллекциялар жасау үшін пайдалану ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жасау үшін пайдаланудың осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жасау үшін пайдаланудың тәртібін айқындайды.

2. Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жасау үшін пайдалануды жалпы және арнайы пайдалану тәртібімен жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жасау үшін пайдалану Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жалпы пайдалану тәртібімен жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға пайдалану

4. Жалпы пайдалану тәртібімен жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға пайдалану тіршілік ету ортасынан жануарлар дүниесі объектілерін алмай тегін негізде жүзеге асырылады және қандайда бір рұқсат беруді талап етпейді.

5. Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жасау үшін жалпы пайдалану мынадай:

- 1) көзбен шолып байқау;
- 2) сурет және бейне түсіру, аудио жазба;
- 3) жануарлардың суретін салу жолымен жүзеге асырылады.

3. Арнайы пайдалану тәртібімен сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жасау үшін пайдалану

6. Арнайы пайдалану тәртібімен сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жасау үшін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар (бұдан әрі - Уәкілетті орган) беретін рұқсатқа сәйкес тіршілік ету ортасынан жануарлар дүниесі объектілерін алумен ақылы негізде жүзеге асырылады.

Төлемдер жануарларды ен салу және сырға тағу мақсаттары үшін ұстап, кейіннен оларды табиғат ортасына жіберу кезінде алынбайды.

7. Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану мынадай:

- 1) жануарларды ұстау, ату және олжалау;
- 2) жануарлардың тіршілік әрекетіне азық жинау жолымен жүзеге асырылады.

4. Жануарлар дүниесі объектілерінің жекелеген түрлерін пайдалану ерекшеліктері

8. Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми мақсаттарға пайдалану жануарлар дүниесі объектілерін білу, олардың таралуы мен саны үшін жүргізіледі.

9. Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға пайдалану азаматтардың экологиялық сауаттылығын жоғарлату, жануарларды ұқыпты қарауға тәрбиелеу, халықтың рухани қажеттілігін және демалысын қанағаттандыру үшін жүргізіледі.

5. Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және

**эстетикалық мақсаттарға, оның ішінде
зоологиялық коллекциялар
жасау үшін пайдалану кезіндегі талаптар**

10. Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлардан басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарға, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жасау үшін пайдалану кезінде:

- 1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;
- 2) жануарлар дүниесінің тіршілік ету ортасының нашарлауына жол бермеу;
- 3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін және аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің ішкі тәртіп ережелерін сақтау;
- 4) халық пен қоршаған орта үшін қауіпсіз, жануарлармен табиғи қауымдастық тұтастығын бұзуға және оларға дөрекі қарауға жол бермейтін тәсілдермен жануарлар дүниесін пайдалану қажет.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.03.26 № 200 Бұйрығымен.